

ТІЛ БІЛІМІ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Д. Әлкебаева

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ

Сөйлеу мәдениеті барлық ЖОО гуманитарлық пәндердің циклдік базасы ретінде оқытылады.

Қазіргі дәуірде қоғамдық экономиканың өзгерістер тұсында құқықтық мемлекет және әлеуметтік гуманитарлық қарым қатынас құру жолында әр ұлт өкілі өз тілінде әдеби тіл нормаларымен сауатты, мәдениетті сөйлеу керек. Бұл бүгінгі сөз мәдениетінің басты ұстанымдары болып табылады.

Сөз мәдениеті - көп аспектілі ғылым. Сөз мәдениеті тілдік нормаларға иек артып соның аясында қарастыру оның басқа көкейкесті мәселелерін назардан тыс қалдыру болып саналады. Сөйлеу мәдениетінің тілдік норма, қарым қатынас түрі, ұстанымдары мен ережелері, қарым қатынастың этикалық нормасы қазіргі қоғамдағы сөйлеу мәдениеті оларға қарама қарсы құбылыстарды тану әрі оқып үйрету, меңгертуге және дағдыландыру. Сөз мәдениеті – қазақ тіл білімінің зерттеу нысандарының ішінде кейінірек қолға алған сала. Сөз мәдениеті тілдің басқа салалардан айырмашылығы оның күнделікті өмірмен тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыстылығында. Қазақ тілін үйренушілер көбінесе қазақ тілінің грамматикасын меңгеруге күш салады. Ал қазақ тілінде (қазақтардың өзі де) мәдениетті сөйлеу мәселесіне көп көңіл бөлмейді.

Тілші ғалымдармен бірге басқа да маман иелері тіл мәдениеті туралы өз ойларын, құнды пікірлерін мәдениетті сөйлеуге қажетті ой-пікір, ұсыныс, көзқарастарын жиі айтады. Бүгінгі мәдени коммуникацияда сөйлеу мәдениеті қандай болу керектігі өте көкейкесті мәселе болғандықтан, ешуақытта әлеумет назарынан тыс қалмайды. Сөз мәдениетінің қарастыратын мәселесі жеке тұлғаның немесе социум өкілдерінің мәдениетті сөйлеуімен ғана шектелмейді. Мемлекеттік тұрғыдан алып қарасақ атқарылып жатқан іс шаралар аз емес сияқты, жазу мәдениетіндегі орфографиялық қателер, емле ережелерін бұзу, жер-су атауларының дұрыс жазылмауы т.б. мәселелер

туралы бұқаралық ақпарат құралдарының бетінде қанша айтылып, жазылып жатса да әлі бір жүйеге түспеген көкейкесті мәселе екені белгілі.

«Сөз мәдениеті» деген термин көп мағыналы болып келеді. Л.И. Скворцов «Культура речи владение нормами устного и письменного литературного языка (правилами произношения, ударения, грамматики, словоупотребления и др.), а также умения использовать выразительные языковые средства в разных условиях отношения в соответствии с целями и содержанием речи». Сөз мәдениетінің ең дамыған формасын қалыптастыру үшін мемлекет тарапынан жүргізілетін іс шаралар маңызды орын алады, ол қоғамдағы сөз мәдениетінің қоғамда толық орнығуын қамтамасыз етуге тікелей ықпал жасайды. Атап айытқанда мемлекеттік тіл саясаты, тіл идеялогиясы, тілді жоспарлау, тілдік ситуация, тілге қатысты бағдарламалар т.б. Кез келген дамыған мемлекетте тілдік саясат өз мемлекетінің ұлттық тілін құқықтық, әлеуметтік, саяси идеялогиялық жақтан қорғап бақылап отырады, тілдік ситуацияны реттеп отырады. Сөз мәдениетінің статусын көтеруге тілдік факторлардан басқа тілден тысқары факторлардың да ролі басымдылық танытады. Сөз мәдениетінің басты қасиеттеріне мыналар жатқызуға болады:

Сөздің тазалығы

Сөздің анықтығы

Сөздің дұрыстығы

Сөздің көркемдігі

Сөздің тазалығы: Сөздің тазалығы дегеніміз не? Таза сөз деген тіркес бар ма? Қазақта таза қазақша сөйлейді деген сөйлем айтылып жатады. Сөздің тазалығы сөйлеуші өз сөзінде ұлттық тілдің табиғи таза болмысын табиғатын сақтап сөйлеуі болып табылады.

Сөйлеуші өз сөзінде өзінің «сүйікті сөздерін» қосып сөйлейді. Қалай айтсам екен, иә, яғни, деп қойсақ, көрдіңіз бе, түсінесіз бе т.б. Сөйлеуші өз сөзінің ішінде бос сөздерді қосып сөйлесе, тыңдаушыны ыңғайсыз жағдайға қалдырады.

Сөздің анықтығы. Сөздің анықтығы дегеніміз тыңдаушыға түсінікті сөз мазмұны. Сөз анық, түсінікті болу үшін айтушы тыңдаушыға жіберген ақпараты туралы толық мәліметі болу керек. Айтушының ойының екіұштылығы, көпмағыналы сөздерді жиі қолдануы сөз мазмұнын қиындатқандықтан сөздің анықтығы сақталмайды. Ол үшін ақпарат беруші сөзіне нақты, дәл мағына беретін тілдік бірліктерді таңдап, іріктеп, сұрыптап қолдануы керек. Мысалы айтушының сөзіндегі бірнеше мағына беретін тілдік бірліктер тыңдаушының түсінігіне қиындық келтіреді. Сөздің анықтығы адам ойының логикалық түсініктілігіне де тікелей қатысты. Бірақ анық түсінікті ой миға әр уақытта келе бермейді. Қазіргі заман-ақпарат ғасыры. Ақпараттың дамуы, ғылымның параметрлік масштабының көптігі, жаһандану үрдісінің қарқындылығы т.б. факторлар адам ойының анықтығына сөзге айналу қызметіне түрлі қиындықтар тудырып жатады. Б. Борисов былай дейді: «В век глобализации стало модно выражаться иностранными парафинированными словами ничего не ясно но выглядит умно».

Сөздің анықтығы ойдың анықтығына байланысты екені дау тудырмайды, бірақ ой анықтығы сөзге айналғанда дәл беріле қоймайды, бірақ сөз мәдениетінде сөз анықтығы басты критерийлердің бірі болып қарастырылады.

Сөздің дұрыстығы. Айтушы сөзінің дұрыстығы – сөз сөйлеуде, жазуда тілдік нормаларды сақтау. Сөздің дұрыстығы сөздің коммуникативтік сапасының басты межесін анықтайды. Коммуникативтік сапаның нәтижелі болуы айтушының ұлттық әдеби тіл нормаларымен стилистикалық норманың түйіскен сәтінде анықталады.

Сөздің көркемдігі: Көркемдік өнер, жазу, сөйлеу тәжірибесінде адам сөзінің көркемдік қуаты қабылдаушыға әр түрлі ықпал етеді. Сөздің көркемдік сипаты қабылдаушының тілдік санасына бірдей ықпал етпейді. Сөздің көркемдігі – қабылдаушыға когнитивті-ассоциациялық, эстетика-стилистикалық қызмет атқарады. Сөздің көркемдікке құрылған мәні адам санасына ерекше стилистикалық әсер тудырады. Адам сөзінің көркемдік мәні ұлттық тілдің байлығын ұтымды шебер қолдана білуінде. Мысалы, «алдарыңызда ең елеулі жоба «Екі жұлдыз» (Қазақстан телеарнасынан) осы сөзде көркемдік мән тудыратын тілдік бірлік қайсы.

Екі жұлдыз жобасын тыңдаушыға таныстыру үшін «елеулі жоба» деп эпитетті тіркесті қолдануы ма? Айтушының ақпаратты тыңдаушыға жібергенде оған ықпал ететін көркемдік мәні бар тілдік бірліктерді жіберуі, бірақ әр тыңдаушының тілдік санасына әртүрлі ықпал етеді. Қазақ ұлттық тілі фразеологизмдердің синонимдік қатарына, синонимге, мақал-мәтелге, қанатты сөздерге бай. Адам сөзінің көркемдігі – сөздің басы, ортасы, аяғында болуы шарт емес, белгілі уақытқа созылған сөз «әрекетінің» өн бойында тұтасып көркемдік қуатымен эстетика-стилистикалық қызметінен көрінуі.

Сөз көркемдігі – коммуникативті актіде «тыңдаушыға әсер ететін» образды сөздер топтамасы. Айтушының сөзіндегі көркемдік қасиеттің көп болуы коммуникативтік актіге қатысушылардың прагматикалық масқатының сәтті орындауына ықпал етеді. Сөз көркемдігі – безендіруші стилистикада қарастырылады. Қазіргі сөз өте ауқымды, диапазоны кең. Қоғамдағы түрлі өзгерісті сөз мәнін, мазмұнын, ақпараттың құндылығын барынша мәнді, әсерлі болуын талап етеді. Сондықтан кез келген сөйлеу қызметінің барысында сөйлеуші сөзінің көркемдік мәнін сапалы ұйымдастыруға күш салады. Троп түрлері ғана көркемдік қуат танытпайды, басқа да лексикалық, фонетика-интонациялық т.б. тілдік таңбалардың да эстетикалық-стилистикалық бояуға ие болады. Мысалы, публицистикалық стиль жанрларында журналист оқырманын сендіру үшін өз пайымдауларына көз жеткіздіру, иландыру мақсатында эстетикалық қуатты мәнді тілдік бірліктерді таңдайды. Мысалы, қанатты сөздер публицистика жанрларында ерекше көркемдік мән арқалай отырып оқырманын ой толқыға салған сөзінің шындығына сендіру үшін пайдаланады.

1. Акишина.А.А., Формановская Н.И. Русский речевой этикет. М., 1983.

2. Апресян Г.З. Ораторское искусство. М., 1978.

3. Одинцов В.В. Стилистика текста. М., 1980.

4. Скворцов Л.И. Основы культуры речи: Хрестоматия. М., 1984.

5. Чернышев В.И. Правильность и чистота русской речи // Избр. труды. М., 1970. Т.1.

6. Головин Б.Н. основы культуры речи: Учеб. Для вузов по спец. «Рус. яз. и лит.» - 2-е изд. испр. – М., 1988. - 328 с.

* * *

В статье рассматриваются различные аспекты культуры речи.